



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

Литература:

1. Сайт Международной организации высших органов аудита (INTOSAI) - <http://www.intosai.org>
2. Бейсенова Л.З., Алибекова Б.А., Шахарова А.Е. Аудит эффективности: международный опыт и отечественная практика// Вестник СамГУПС, 2018, № 3 (41), С.48-55.
3. Перекрестова Л.В., Васильева М.В. Государственный аудит в интересах стратегии развития регионов Российской Федерации - <file:///C:/Users/411-2/Downloads/gosudarstvennyy-audit-v-interesah-strategii-razvitiya-regionov-rossiyskoy-federatsii.pdf>
4. Лещенко И.Б. Современные виды аудита в международной практике. Экономика, управление, финансы: материалы междунар. заоч. науч. конф. (г. Пермь, июнь 2011 г.). / Под общ. ред. Г.Д. Ахметовой. - Пермь: Меркурий, 2011. - С. 79-81.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Нұржан Л.Н.

Мемлекеттік аудит мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекші Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан
Республикасы

E-mail: nurzhan.leila@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының бюджеті, бюджет процесінің кезеңдері және де бюджет қаражатының атқарылуының тиімділігін бақылауындағы мемлекеттік аудиттің қаншалықты қажет екені жазылған. Сонымен қатар, республикалық бюджеттің 2019 жылғы есептеріне талдау көрсетілген.

Түйін сөздер: бюджет, бюджет процесі, бақылау, қаржы, мемлекеттік аудит.

Аннотация

В данной статье рассказывается о бюджете Республики Казахстан, этапах бюджетного процесса, а также о том, насколько необходим государственный аудит, контролирующей эффективность исполнения бюджетных средств. Также представлен анализ отчетов республиканского бюджета за 2019 год.

Ключевые слова: бюджет, бюджетный процесс, контроль, финансы, государственный аудит.

Summary

This article describes the budget of the Republic of Kazakhstan, the stages of the budget process, as well as the need for a state audit that monitors the effectiveness

of budget execution. The analysis of the reports of the republican budget for 2019 is also presented.

Keywords: budget, budget process, control, finance, state audit.

Бюджет қаржы жүйесінің орталық тізбегі. Ол әр мемлекетке өзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси функцияларын орындау үшін ақшалай түрде қажет. Бүгінгі таңда мемлекет бюджеті қаржылық қатынастарға әртүрлі қатысушылардың әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қалыптастыратын күрделі және көп мақсатты құрал болып табылады. Бюджет арқылы әлеуметтік шығыстар мен салықтарды, жалақы мен кірістерді бөлу бойынша орталық пен өңірлер бір-бірімен ымыраға келеді. Экономикалық құжат ретінде бюджет қоғамның саяси және әлеуметтік дамуын көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, бюджет мемлекеттің экономикасында маңызды рөл атқарады және де оның тиімділігін мемлекет әрқашан арттырып, оны бағалап отыруы қажет. Дәл осы міндет, яғни бюджет қаражатын басқарудың, оның атқарылуының тиімділігін арттыру мемлекеттік аудиттің негізгі мақсаты болып табылады [1].

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет процесі мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен регламенттелген, бюджетті жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау және түзету, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілікті, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалау жөніндегі қызметін білдіреді. Осы тұжырымдаманың негізінде бюджет процесі оны ұйымдастыруды және дәйекті кезеңдердің жиынтығын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың қызметі екенін анықтауға болады. Бюджет процесінің кезеңдері: бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу; бюджетті қарау және бекіту; бюджеттің атқарылуы; бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау, қарау және бекіту [2].

Қандай да бір іс-әрекетті жүзеге асырмас бұрын, біз алдымен неден бастау керектігін, өз жұмысымызды қалай құру керектігін, қандай ресурстарға ие екенімізді, сайып келгенде, нені алғымыз келетінін, яғни жоспарлап отырғанымызды талдаймыз. Бюджеттік жоспарлау мемлекеттік жоспарлау жүйесіне кіреді. Бюджет жобасын жасау үшін әзірлеушілер қажетті ақпараттық базамен, яғни әртүрлі құжаттармен, оның ішінде талдамалық сипаттағы құжаттармен қамтамасыз етілуі тиіс. Олардың біріншісі Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы болып табылады, онда алдағы кезеңге арналған мемлекеттік және бюджеттік саясаттың негізгі бағыттары айқындалады. Бюджет жобасын жасау үшін ақпараттың басты көзі әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлердің болжамы болып табылады, ол жыл сайын жылжымалы негізде республикалық және жергілікті деңгейде әзірленеді.

Бюджет жобасын әзірлеу бюджет жобасын жасаудан басталады, содан кейін республикалық деңгейде: ЭБЖМ республикалық бюджет комиссиясының, ал жергілікті деңгейде: ЭБЖМ – тиісті бюджет комиссияларының қарауына енгізеді. Бұл ретте бюджет жобасын қарау

(бюджеттік комиссияларда талқылау) және айқындау процесі аяқталуға тиіс: республикалық деңгейде -1 тамыздан кешіктірмей; облыс, республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде - 15қыркүйектен кешіктірмей; аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде – ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірмей.

Жобаны бюджет комиссиялары қарағаннан кейін мемлекеттік жоспарлау органы бюджет комиссиясының ескертулері болған кезде ескертулерді ескере отырып пысықтайды және «қажет болған жағдайда» енгізілген өзгерістерді бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен келіседі және содан кейін қарауға ұсынады: республикалық деңгейде-ағымдағы қаржы жылының 15 тамызынан кешіктірмей – ҚР Үкіметіне; облыс, республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде-ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірмей – тиісті әкімдіктерге; аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде-ағымдағы қаржы жылының 15 қазанынан кешіктірмей – тиісті әкімдіктерге.

Мемлекеттік жоспарлау органдарынан тиісті бюджеттердің жобаларын алып, атқарушы билік органдары (республикалық деңгейде – ҚР Үкіметі, жергілікті деңгейде – тиісті әкімдіктер) қарайды және қажет болған жағдайда оларға түзетулер мен толықтырулар енгізеді. Бұдан кейін бюджет жобасын өкілді органдарға (республикалық деңгейде – ҚР Парламентіне, жергілікті деңгейде – тиісті мәслихаттарға) енгізеді. Бюджеттердің жобаларын қарау кезінде өкілді органдар екі қағидатты, яғни негізділік принципін және бюджеттің теңгерімділігін сақтау принципін ұстануы тиіс.

Бюджет процесінің келесі кезеңі – бюджеттің атқарылу процесі. Ол ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарында басталып, 31 желтоқсанында аяқталады – күнтізбелік жылға сәйкес келеді. Бюджеттің атқарылуы бюджетке түсетін түсімдерді қамтамасыз ету, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру, бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау болып табылады. Бюджетті атқару процесіне атқарушы билік органдары, қаржы және салық органдары, кредиттік мекемелер, заңды және жеке тұлғалар – бюджетке салық төлеушілер, бюджет қаражатын алушылар қатысады. ҚР Үкіметі республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді, ал жергілікті бюджеттердің атқарылуын тиісті әкімдіктер қамтамасыз етеді [3].

Республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы тиісті қаржы жылы ішінде республикалық және жергілікті бюджеттер көрсеткіштерінің өзгеруі республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау болып табылады. Бюджеттерді нақтылау тетігі макроэкономикалық тұрақтылықты қолдау мақсатында нақты шығыстардың нақты түсімдерге сәйкес болуы үшін қолданылады.

Бақылау мемлекеттік басқару функцияларының бірі ретінде кері байланыс тетігін білдіреді, яғни қабылданған басқару шешімдерінің тиімділігін, оларды іске асырудың шарттары мен нәтижелерін анықтау үшін басқарылатын объектінің жұмысын бақылау, тексеру және бағалау жүйесі. Мемлекеттік

қаржылық бақылау мекемелер мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін арнайы бақылау органдарының қадағалау жүйесін білдіреді. МҚБ бақылау объектілерінің мемлекеттік басқару саласындағы, оның ішінде бюджеттік қатынастардағы бұзушылықтарды анықтау, жою және болдырмау мақсатында ҚР Бюджет және өзге де заңнамасын сақтауын тексеру және талдау жолымен жүзеге асырылады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жоғары органы. Және де осы жердегі мемлекеттік аудиттің мақсаты бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады. Енді 2019 жылғы республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарын қарастырайық.

Мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қорын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты болып келетін бюджеттің жұмыс жасауы ерекше экономикалық нысандар – бюджеттің кірістері мен шығыстары арқылы болып отырады. Елдің бюджетінде кірістер маңызды рөл атқарады [4].

2019 жылы республикалық бюджетке түскен түсімдер (қарыздардың түсімдерін ескере отырып) 12 627,6 млрд. теңгені құрады немесе жоспарға шаққанда 100,5%. Бюджетке түсетін түсімдер бойынша асыра орындалу 59,9 млрд. теңге көлемінде қалыптасты.

Кесте 1


2019 жылғы республикалық бюджеттің түсімдері туралы ақпарат, млрд. теңге

	2018 жыл	2019 жыл				2018\2019 жылғы факт	
		Түзетілген бюджет	Атқарылу	+,-	Атқарыл %-і	+/-	%
Түсімдер	10 146,6	12 567,6	12 627,6	59,9	100,5	2 480,9	124,5
Кірістер, соның ішінде	8 789,0	10 547,5	10 592,3	44,8	100,4	1 803,3	120,5
Салықтық түсімдер	5 694,9	6 871,7	6 835,5	-36,1	99,5	1 140,6	120,0
Салықтық емес түсімдер	151,3	202,8	279,4	76,6	137,8	128,1	184,6
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2,4	6,9	9,5	2,6	138,1	7,1	402,6
Трансферттер түсімдері	2 940,4	3 466,2	3 467,9	1,7	100,1	527,5	117,9
Бюджеттік кредиттерді өтеу	118,6	116,0	131,3	15,3	113,2	12,7	110,7
Мемлекеттің қаржы активтерін	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

сатудан түсетін түсімдер							
Қарыздар түсімдері	1 239,0	1 904,1	1 903,9	-0,2	100,0	664,9	153,7
Ескерту – Қаржы министрлігі деректерінен алынған							

Кесте-1 көріп отырғанымыздай, республикалық бюджет кірістері 10 592,3 млрд. теңгені құрады, бұл жоспардан 44,8 млрд. теңгеге (0,4%-ке) жоғары.

Кірістер құрылымында бұрынғысынша елеулі бөлігін салықтық түсімдер алып отыр, олар 2018 жылғы деңгейге шаққанда 20%-ке өсіп, 6,8 трлн. теңгені құрады. Сонымен бірге, 2019 жылы кірістердің жалпы құрылымында олардың үлесінің 2018 жылғы 64,8%-ке қарағанда 64,5%-ке дейін төмендегені байқалады.



Сурет 1 - Республикалық бюджет кірістерінің құрылымы
Ескерту - ҚР Қаржы министрлігінің деректері бойынша жасалды

Республикалық бюджет кірістерінің 33%-і трансферттер түсімдерінің есебінен қалыптасқан, олар 2019 жылы 3,5 трлн. теңгені, соның ішінде 2018

жылдың ұқсас кезеңімен (2,6 трлн. теңге) салыстырғанда 18,1%-ке өсе отырып, Ұлттық қордан - 3,1 трлн. теңге құрады. Аталған көрсеткіш соңғы жылдардағы көлем бойынша екінші болып тұр (ең көп сома 2017 жылы байқалды - 4,4 трлн. теңге).

Салықтық түсімдер 36,1 млрд. теңгеге немесе 0,5%-ке орындалмаған (бар болғаны 6 835,5 млрд. теңге). Заңды тұлғалардан корпоративтік табыс салығының (КТС) түсімдері бойынша жоспардың орындалмау үрдісі жалғасуда. Нәтижесінде оның үлесі салықтық түсімдерде 2015 жылғы 36,7%-тен 2019 жылы 28,9%-ке дейін қысқарған. Осының аясында қосылған құн салығының (ҚҚС) үлесі өсуде, ол бес жылда 39,4%-ке дейін ұлғайған (2015 жылы – 28,3%, 2018 жылы – 35,7%). Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға номиналдық мәнде салық түсімдерінің өсуіне қарамастан, олардың салықтық түсімдер құрылымында 2015 жылғы 26,4%-ке қарағанда 2019 жылы 22,9%-ке дейін қысқарғаны байқалады.

Салықтық емес түсімдер республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспарларының 78,9 млрд. теңгеге асыра орындалуы және 2,3 млрд. теңгеге орындалмауы есебінен жоспардың 76,6 млрд. теңгеге немесе 37,8%-ке асырылуымен 279,4 млрд. теңгені құрады [5].

Есепті 2019 жылы республикалық бюджеттің түзетілген шығыстары бекітілген көлеммен салыстырғанда 1 325,1 млрд. теңгеге (11 393,5 млрд. теңге) немесе 11,6%-ке ұлғая отырып, 12 718,6 млрд. теңгені құрады.

Республикалық бюджеттің нақты шығыстары 12 710,3 млрд. теңгеге немесе 99,9%-ке атқарылған (2018 жылға қарағанда 25,6%-ке немесе 2 589,4 млрд. теңгеге өскен).

Шығыстар құрылымында ең көп үлес салмақты 2018 жылмен салыстырғанда 2 134,3 млрд. теңгеге немесе 22,9%-ке (2018 жылы шығындар 9 334,7 млрд. теңгені құрады) ұлғая отырып, 11 469,1 млрд. теңге сомасында шығындар алып отыр. Жалпы республикалық бюджеттің шығындары 99,9%-ке орындалған. Орындалмау 8,2 млрд. теңгені немесе 0,07%-ті құрады. Игерілмеу 5,3 млрд. теңге көлемінде қалыптасты.

Кесте 2

2017 – 2019 жылдардағы республикалық бюджет шығыстарының құрылымы, млрд. теңге

Атауы	2019 ж. түзетілген бюджет	Кассалық атқару			Шығыстардағы үлес, %			Түзетілген 2019 жылғы бюджеттің кассалық атқарылуының ауытқуы	
		2017	2018	2019	2017	2018	2019	(+,-)	%
Шығыстар	12 718,6	11 550, 8	10 120, 9	12 710, 3	100	100	100	-8,3	99,9

Шығындар	11 477,3	10 677,5	9 334,7	11 469,1	92,4	92,2	90,2	-8,2	0,2
Бюджеттік кредиттер	381,6	282,5	250,3	381,6	2,5	2,5	3,0	0,0	0,0
Қаржы активтерін сатып алу	169,2	196,3	51,8	169,2	1,7	0,5	1,3	0,0	0,0
Қарыздарды өтеу	690,4	394,5	484,0	690,4	3,4	4,8	5,4	0,0	0,0
Ескерту – Қаржы министрлігі деректерінен алынған									

Кесте-2 көріп отырғанымыздай, қаржы активтерін сатып алуға арналған 169,2 млрд. теңге сомасындағы шығыстар және 690,4 млрд. теңге мөлшерінде қарыздарды өтеу толық көлемде атқарылды.

2018 жылмен салыстырғанда бюджеттік кредиттерге арналған шығыстар - 131,4 млрд. теңгеге немесе 52,5%-ке (бюджеттік кредиттер 2018 жылы 250,3 млрд. теңгені құрады), қаржы активтерін сатып алу - 117,4 млрд. теңгеге немесе 2018 жылдың деңгейіне қарағанда (2018 жылы - 51,8 млрд. теңге) үш есе ұлғайған.

ЖІӨ-ге шаққандағы шығыстардың арақатынасы 2018 жылға қатысты 1,3%-ке ұлғая және 2017 жылға қатысты 3,9%-ке азая отырып, 2019 жылы 18,5%-ті құрап отыр.

Әлеуметтік блокқа («Білім беру», «Денсаулық сақтау», «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» және «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік» функционалдық топтары) жұмсалатын шығыстардың өсуі жалғасып отыр. Мәселен есепті кезеңде шығыстар 2018 жылмен салыстырғанда 939,7 млрд. теңгеге немесе 21,9%-ке (2018 жылы – 4 274,6 млрд. теңге) ұлғая отырып, 5 214,5 млрд. теңгені құрады. Алайда мұндай шығыстардың үлесі 2019 жылдың қорытындысы бойынша шығыстардың жалпы көлеміне шаққанда 2018 жылдың деңгейіне қарағанда 1,2 п.т.-ға төмендеумен 41%-ті құрады.



Сурет 2 - Әлеуметтік блоктың 2019 жылға арналған шығыстарының құрылымы

Ескерту - ҚР Қаржы министрлігінің деректері бойынша жасалды

2018 жылмен салыстырғанда шығыстардың ең көп өсуі 691,3 млрд. теңгеге немесе 26,8%-ке (2018 жылы – 2 578,8 млрд. теңге) ұлғаюымен әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруда, 137,4 млрд. теңгеге немесе 29%-ке (2018 жылы – 473,8 млрд. теңге) ұлғая отырып білім беруде байқалады.

2019 жылы «2019 - 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуы төрт нақтылау мен сегіз рет жүргізілген түзетулерді ескере отырып, жоспарланған шектерде қамтамасыз етілді:

- республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспарға шаққанда 100,5%-ке орындалды;
- кірістер 100,4% деңгейінде қалыптасты;
- шығыстар мен шығындар 99,9%-ке орындалды;
- тапшылық 1 296,3 млрд. теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 68,4 млрд. теңгеге төмен.

100%-ке дерлік атқарылғанына қарамастан, 2019 жылы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бөлінген, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының сомасы 2018 жылдың деңгейінен үш есе асып, 427,5 млрд. теңгені құрады. Жалпы, республикалық бюджеттің кірістері 30%-ке Ұлттық қордан берілетін трансферттер есебінен қалыптасқан (3,1 трлн. теңге). Аталған көрсеткіш соңғы жылдары көлемі бойынша екінші (ең көп сома 2017 жылы байқалды - 4,4 трлн. теңге) болып тұр.

2019 жылы экономиканың дамуына ықпал ететін шығыстардың үлесі (даму бюджеті, күрделі шығындар, субсидиялау және кредит беру сияқты) республикалық бюджеттің жалпы көлемінде небәрі 13,6%-ті құрайды. Аталған шығыстардың соңғы бес жылдағы серпіні өсуге қарай тұрақты беталыс байқалмай, елеусіз ауытқуды көрсетіп отыр. Алайда дәл осы шығыстар макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуге, инвестицияларды ынталандыруға және салық салынатын базаның ұлғаюына алғышарт жасай отырып, экономикалық өсу қарқыны мен сапасына ықпал етуге қабілетті [5].

Қорытындылай келе, бюджет мемлекеттің саясатын жүзеге асыру бойынша негізгі құрал болып табылады. Сол себепті де, мемлекеттің тарапынан бюджет қаражатын басқарудың, оның атқарылуының тиімділігін арттыру бойынша және де оны бағалау бойынша жұмыстар жүргізілуі қажет. Осы жұмыстың атқарылуының негізгі бөлшегі мемлекеттік аудит болып табылады. Ол бюджет қаражатын барынша мақсатты пайдаланылып және сәйкесінше тиімді жұмсалып жатқанын бақылауға арналған мақсатты қызмет. Мысалы, жоғарыда 2019 жылдың бюджетін талдап өттік. Осыған ой пікір білдіретін болсақ: жалпы, халық үшін қажетті жобалар бірнеше жылдар бойы аяқталмайды (10 жылдан астам – 1 жоба, 5-тен 10 жылға дейін – 23 жоба, 5 жылға дейін – 19 жоба), әлеуметтік-экономикалық әсерге қол жеткізілмейді, қоғамдық игіліктерге қолжетімділік бойынша өңірлер арасындағы сәйкессіздікті күшейтеді. Аталған фактілер мемлекет басшысының ең көп әлеуметтік-экономикалық әсері бар жобаларды басымырақ қаржыландыру

жөніндегі тапсырмасына қайшы келеді. Осы мәселенің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, Үкіметке осылар ұсынылады:

- өңірлерде басталып, бірақ аяқталмаған объектілерге олардың қажеттілігі және жобалық шешімдерге өзгерістер енгізудің қажеттігі тұрғысынан түгендеу жүргізу, аяқталмаған объектілер болған жағдайда жаңа жобаларға бюджет қаражатын бөлу практикасына тыйым салу;

- келесі үшжылдыққа арналған бюджет жобасын қалыптастыру кезінде ағымдағы қаржыландыру көздеріне қарамастан республикалық бюджет қаражаты есебінен аяқталмаған жобаларды қаржыландырудың қосымша тетіктерін қарастыру;

- қоғамдық игіліктерге халықтың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әрбір сала мен елді мекен бөлінісінде өңірдің жағдайы жөніндегі бірыңғай паспорттар әзірлеу, бұл ретте аталған паспорттарды ескерумен бюджеттерді жоспарлау қамтамасыз етілуі қажет.

Бюджет қаражатының тиімді және мақсатты пайдалынылуын анықтайтын қызметтердің бірі мемлекеттік аудит болғандықтан, менің ойымша, елімізде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау саласы одан әрі дами беруі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құлбай С.Б. Мемлекеттік бюджет. - Алматы: Эпиграф баспасы, 2016.
2. «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Кодексі.
3. Абдрахманов С., Крыкбаева А. Бюджетный гид. - Алматы: Желтоқсан 111, 2009.
4. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің 2019 жылғы есебі
5. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетін атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қорытындысы, <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ БАҚЫЛАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

саманбетов Н.С.

Ғылыми жетекші: PhD Ускенбаева Асия Рахманбердыевна
магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Мемлекеттік аудит» кафедрасы, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы
E-mail: nurzhan__98@mail.ru

Андатпа. Қаржылық бақылау қаржыны басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады, оның маңыздылығын арттыру қазіргі әлемде, оның ішінде